

Алматы қаласының аэропортын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қаулысы 1996 жылғы 12 маусым N 275a

"Алматы қаласының аэропорты" акционерлік қоғамын қаржылық-экономикалық сауықтыру, үй-жайларды жаңғыртуға инвестицияларды тарту, аэропорттың өткізу қабілетін ұлғайту, ұшу-қону алаңдарын қайта жаңғырту және халықаралық басқару тәжірибесін пайдалану мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Люфтганза Аэропорт және Алматының жер бетіндегі қызметі" фирмасымен Алматы қаласының аэропортын әлеуметтік-мәдени және коммуналдық мақсаттағы объектілерінсіз пайдалану жөнінде шарт жасасу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Люфтганза Аэропорт және Алматының жер бетіндегі қызметі" фирмасымен Алматы қаласының аэропортын пайдалану туралы шартқа, онда мыналарды көздей отырып белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою тапсырылсын:

акционерлік қоғамның екінші ұшу-қону алаңының құрылысы жөніндегі қарыздардан басқа берешектерін өтеу жөніндегі міндеттеме;

инвестицияларды тарту;

қаржылық мәселелерді реттеу кестесі келісілгеннен кейін банктік 90 күн ішінде фирма кәсіпорын қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы міндеттемені орындамаған жағдайда шартты бір жақты бұзу мүмкіндігі;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген жеңілдіктер мен кепілдемелер.

Қаржылық мәселелерді реттеу кестесі бизнес-жоспар аяқталған және аудит біткен соң әзірленетіндігіне келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алматы қаласының аэропорты" акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы мәселені белгіленген тәртіппен пысықтасын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК